

ішінде өнеркәсіптік жұмыспен қамту жалпы жұмыс күшінің үлесі ретінде Оман, Катар және Сауд Арабиясында өсті, бірақ басқа үш елінде төмендеді. Оманды қоспағанда, жұмыспен қамтудың жалпы көлеміндегі ауылшаруашылық саласының үлесі өте аз, бұл Парсы шығанағы елдерінің азық-түлік өндірісі мен халықтың тез урбанизациясындағы шектеулі әлеуетін көрсетеді.

Осы факторлар бірлесе отырып, еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайға ықпал етіп, алдағы кезеңдегі жұмыспен қамту және саясат проблемаларының параметрлерін анықтайды. Экономикалық өсу мен жұмыс орындарын құру арасындағы байланыс жылдар ішінде тиімділіктің жоғарылауына, капиталды көп қажет ететін технологияларға негізделген индустриялық дамуға және шетелдіктерге тәуелділік сипатына байланысты әлсіреген болуы мүмкін. Нәтижесінде шетелдік жұмыс күшіне деген сұраныс жалпы экономикалық белсенділіктің ауытқуларына аз сезімтал болып көрінеді. Салыстырмалы үрдістердің арақатынасы Парсы шығанағы елдерінде ұлттық еңбекті пайдалану қажеттілігіне әкелді [4].

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Косов Г.В., Литвишко О.М. «Каспийский регион в системе международных регионов», Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4. История. Регионоведение. Международные отношения. № 6, 2015. С. 111-117.
2. Нефедов С.А., Демченко Д.А. «Регион Персидского залива как предмет международной политической регионалистики», <https://cyberleninka.ru/article/n/region-persidskogo-zaliva-kak-predmet-mezhdunarodnoy-politicheskoy-regionalistiki/viewer> [алынған күні: 05.02.2020 ж.]
3. Cyrus Sassanpour. «Labor Market Challenges and Policies in the Gulf Cooperation Council-Countries» <https://www.imf.org/external/pubs/FT/gcc/GCC3.pdf> [алынған күні: 05.02.2020 ж.]
4. إصلاحات سوق العمل لتعزيز التوظيف والإنتاجية في مجلس التعاون لدول الخليج العربية. الاجتماع السنوي لوزراء المالية ومحافظة البنوكالمركزية // <file:///C:/Users/User/Downloads/100513a.pdf> [алынған күні: 08.02.2020 ж.]

ӘОЖ 316.356.2

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ИРАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ

**Жылқышиева Мария Берікқызы**

[mzhylkyshieva@mail.ru](mailto:mzhylkyshieva@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Азмуханова А.М.

Соңғы 10 жылдықтарда саяси, әлеуметтік аспектілер бойынша әйел құқығының қорғалуы маңызды мәселелердің біріне айналды. Теңдік - кез келген демократиялық қоғамның маңызды түбірі. Демократияның басты мақсаты әлеуметтік әділеттілікке ұмтылатын қоғамның адам құқықтарын қорғау болып табылады. Алайда қазірдің өзін де жыныс теңсіздігі кеңінен таралған құбылыс. Бірақ ол теңсіздік көрінісі әр мемлекетте әртүрлі көрініс табады. Егер де бір мемлекетте жұмыс орнында белгілі бір дәрежеге көтерілуге патриархалды қоғам санасы кедергі келтірсе, екінші мемлекетте теңсіздік әйелдің қоғамдық өмірде толықтай шеткерілуі негізінде көрінеді. Бірақ тарих беттері көрсеткендей, осындай ортадан стереотипті ой- санаға қарсы жаңашыл ойлы тұлғалар шығады.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында бірқатар мұсылман елдерінде дәстүрлі исламдық өмірді реформациялау етек ала бастады. Батыс мемлекеттерінің ықпалы, консервативті көзқарастар,

әлеуметтік даму бойынша артта қалушылық, теңсіздік ислам мемлекеттерінде ұлттық қозғалыстардың туындауына әкеліп соқты.

Соңғы 200 жылдың ішінде қазіргі заманғы Иран тарихының негізін қалауда ирандық әйелдер де маңызды рөл ойнаған болатын.

Ирандағы әйелдер қозғалысы өз бастауын XIX ғасырдан, ол кездегі Персияға шетелдік державалардың, атап өткенде Англия мен Ресей империясының ықпалына түсе бастаған кезінен алады. Еуропалық көзқарастар мен еуропалықтардың ел тізгінінде көріне бастауы Персияға саяси, экономикалық, соның ішінде әлеуметтік жағынан өз әсерін қалдырды. Қоғамдағы «әйел» орны көкейтесті мәселелердің біріне айналды. 19 ғасырдағы Ираннан бөлек, жалпы исламдық феминизм туралы айтатын болсақ, ең бірінші Фатиме Заррин Тадж Бараганиды айтқан жөн. Шиитік діни отбасында дүниеге келгеніне қарамастан, ол сауатын ашқан санаулы қыздар қатарында болды. Кейінірек Ұлыбритания сыртқы істер министры болған Джордж Натаниэл Керзон Фатиме туралы «Ол жаңа діни ағымға (бұл жерде «Бабизм») әсемдік пен нәзіктік әкелді. Ауыр тағдырына қарамастан, казвиндік ақын әйел өз сәлдесін тастап, бүкіл Персияға әйелдер құқығы отын көтеріп шығуы - қазіргі заман тарихының ең бір жан тебіренер сәттерінің бірі» деп баға берген болатын [1]. Фатиме 14 жасында өз бөлесіне еріксіз тұрмысқа берілген болатын. Шиизмнің шейхистік ағым мистиктері Ахмад Аль-Ахсаи, Сейд Казим Решти еңбектерімен етене таныс ол, 1843 жылы Ахмад Али Сейдпен бетпе бет кездесу үшін шииттердің киелі қаласы саналатын Ирактағы Кербела қаласына аттанады. Сол қалада қалып, Фатиме ерлер мен әйелдерге дәріс бере бастайды. Осы қалада ең алғашқы «Бабизм»-ның негізін қалаушы Сейд Али Мухаммад Ширазиды мойындаған 18 «Өмір әріптері»-нің 17-сі болды [2]. (Бабизмде бабтық пайғамбарды мойындаған алғашқы 18 адамның атауы). Сол кездегі мұсылмандар үшін тың көп әйел алу, жыныстық теңсіздік, сәлде сынды маңызды мәселелерді өзінің дәрістерінде көтеріп, сол үшін күрескен. 1848 жылы бабтардың «Бадашт» жиынында, әйел болғандықтан ол жиынға шақырылмаса да, «Әйелдер мен еркектер құқығы арасында ешқандай айырмашылық болмау керек. Барлығы тек ең жақысына құқылы. Кедейді байға теңестіріп, әйелдердің достарынан жасырмаң, ешқандай молда, ешқандай өсек-әңгіме оған кедергі бола амайды.» деп мәлімдеп, толы еркектер арасында сәлдесіз, ашық жүзімен алғаш шыққан болатын. Куррат-Аль Айнның бабизмді мойындауының да басты себептерінің бірі, Сейид Мухаммад Алидің барлық адам теңдігі мәселесін басты қағидаты қылғаны үшін де болған еді.

Осылайша тарих беттерінде Фатиме сәлдемен жүзін жауып жүруден бас тартқан алғашқы бабидік әйел болды деп саналады. Үкімет тарапынан өзінің «радикалды» ойларымен көзге түсіп жүрген Куррат-ул Айн (Бабизмды қабылдағаннан кейінгі есімі), Бабтың өлім жазасына кесілгенінен кейінгі бабидтер көтерілісі мен 1852 жылы, 16 тамызда Насреддин шахқа бабидтардың бірінің қастандық жасауымен жаппай қудалануға түсті. Фатиме «Мафсед-е-филарз», яғни, «елдің әлеуметтік және саяси қауіпсіздігіне қатер төндіріп, жемқорлық таратушы» айыбымен айыпталған алғашқы ирандық әйел болды. Ол 1852 жылы, 35 жасында жасырын түрде буындырып өлтірілді. Кей деректер бойынша оның ең соңғы айтқан сөздері:

«Сіздер мені өлтіре аларсыздар, бірақ әйелдер бостандығына ешқашан кедергі бола алмайсыз [3]».

1872 жылғы Рейтер концессиясынан кейін, 1890 жылы шах ағылшындықтарға табак өнімдерін Иран аумағында экспорттауға монополия береді. Бұл халық ызасының «Табак көтерілісі» аталған үлкен протесттерге ұласуына әкеліп соқты. Табак көтерілісінің негізгі ошақтарының бірі Тебриз қаласында орын алды. Тебриздік әйел Зейнеб паша бастаған әйелдер қауымы базарларды жауып тастаған әскерге шабуылдап, дүкендерді иелеріне қайтарып беріп отырды. Ақыры тоқтаусыз көтерілістерден кейін шах концессияны жойып, Лорд Табольтың табак өндіретін британдық компаниясы Иранда өз жұмысын тоқтатты. Зейнеб паша халық арасында үлкен ықпалға ие болып, Тебриз ерлерін «Егер де ұрылар мен сіздің байлықтарыңыз бен арыңызды таптап жатқан жемқорлаға қарсы шыға алмасаңыз,

беттеріне сәлде тағып алып, үйлерінде отырындар» деп үндеу тастаған. Тіпті шах жұбайлары бұл протесттерге қосылып, табак өнімдеріне бойкот жариялаған. Осы халықтық қозғалыстар ирандық әйелдер белсенділігі мен қоғамдық өмірде олардың орнының өзгере бастауының айқын көрінісі болды.

XIX ғасырдың аяғында көптеген монархия өкілдері, соның ішінде каджарлық ханшайымдар Тегеранда Фатиме Барагани жүргізген үндеулерден кейін бабизмге бет бұрып, әлеуметтік мәселелерге араласа бастаған еді. Жоғары тап өкілдері арасында ирандық әйелдер құқығы мәселесін заңнамалық тұрғыда көтерген алғашқы ирандық феминист әйелдердің бірі Насер Ад-Дин шахтың қызы Зехра Тадж Салтане, «діни семинарлар» деген сылтауымен жасырын түрде әйелдер құқығы жөнінде жиналыстар жүргізе бастады. «Ирандық әйелдер азаттығы» ұйымының негізін қалаушылардың бірі Зехра Тадж Салтане 1914 жылы жазған мемуарларында (1996ж. жарияланған) әкесі Насер Ад-Дин шах пен ағасы Мозафер Ад-Дин шахты елдегі кедейлік, көпшілікке арналған білім жүйесінің болмауы үшін ашық түрде кінәлаған болатын. Алайда білім жүйесі XX ғасырдан бастап, алға жылжи бастады. Қазіргі таңдағы барлық қыздарға арналған ирандық мектептер педагог Биби ханум Астрабадиға ерекше алғыста болу қажет. Астрабади ханум ең алғашқылардың бірі болып, әйелдердің қоғамдық өмірде орны жоқ реакциянды ислами қоғамда мүмкін еместей көрінетін істі қолға алды. Ол қыздарға арналған алғашқы мектептерді ашты. Биби ханум 1858 (кей деректерде 1859) жылы әскербасы Мохаммад Бакера хан мен Насер-Ад Дин шахтың балаларының біліміне жауапты Хадидже ханумның отбасында дүниеге келген. 1906 жылғы конституциялық революцияның толқындарына байланысты шиеленіскен заманда, ол биліктен 8 және 12 жас аралықтағы қыздарға меткеп ашуға рұқсат алды. Мектепте діни сауаттылық, каллиграфия, география, арифметика және оқу сауаттылығы сабақтары жүргізілді. Тегерандағы британдық елші Биби ханумды Ұлыбритания сыртқы істер министрі сэр Эдвард Грейге мақтау сөздерімен жазған хаттары архивтерде сақталған. Алайда діни молдалар тарапынан мектепке қарсы реакцияндық қарсылықтар жүріп өтті. Молда Шейх Фазолла Нури бұл мектепті «ислам шарифаттарына сәйкес емес» деп жарлық шығарса, өзге бір реакциянды молда Тегеран көшелерінде «Елінде қыздарға арналған мектеп бар мемлекетті аяңдар» деген кітапшалар таратқан болатын. Осындай ықпалды молдалардың үндеулерінен кейін, ер адамдар мектепке сабақ үстінде шабуыл жасап, терезелерін сындырып, бірнеше рет ұстаз әйелдерге қокан-лоқы көрсеткен болатын. Шовинсттердің қысымынан мектепке жабылуға тура келді. Биби ханум әйел эмансипация үшін күрескен ерекше қайраткерлердің бірі болды: мектептен бөлек, қыздарға арналған балалар үйін ашып, газет беттерінде әйел құқығы жөнінде бірнеше мақалалар жазған. Соның ішіндегі ерекше жұмыстарының бірі «Әйелді тәрбиелеу» деген шовинизм мен патриархаттың дөрекі манифесті іспеттес кітапқа жауап ретінде шығарған «Ерлердің кемшілігі» атты памфлетін (1906) атап өту қажет. Онда ол кітап авторын сынға алып, Ирандық қоғамға рухани серпіліс керек деген үндеуге шақырды.

1906 жылы, тамыз айында революциядан кейін қабылданған конституциядан кейін, барлық конфессияның және әртүрлі тап өкілдері болған әйел қауымы шетел импортына қарсылық ретінде барлық шетел тауарларына бойкот жүргізді. 1889 жылы құрлыған «Шахиншах» британ-парсы акционерлік банкыне қарсы, алғашқы ұлттық банк құру мақсатымен қаражат жинау үшін әйелдер өздерінің әшекей-бұйымдарын сатып, кейбіреулері өзінің мүргерлікке алған үлесін банкты қаржыландыру үшін берді. Революциядан кейін үкіметтен новаторлық қадамдар күткен әйелдер қалаған теңдігіне қол жеткізе алмады. Өйткені 1906 жылғы қабылданған конституция бойынша меджлис әйелдерге барлық саяси процесстерге қатысуға тыйым салды. Барлық отбасыға байланысты заңдар шарифат негізінде қалды. Сайлау құқықтары жөніндегі 1908 жылғы 10 бап бойынша сайлауға тыйым салынған адамдардың 8 категориясы белгіленді:

- 1) әйелдер
- 2) психикалық тұрғыда ауытқуы бар азаматтар
- 3) шетел азаматтары

- 4) қылмыскерлер
- 5) саяси қылмыскерлер
- 6) қайыршылар
- 7) мемлекет қарауындағы азаматтар
- 8) бұрынғы үкімет түріне дауыс бергендер

Дәл сол сайлау заңының 13 бабында парламентке сайлануға құқығы жоқ 6 адамдар категориясы ажыратылады [4]:

- 1) Ханзадалар
- 2) Шетел азаматтары
- 3) Қауіпсіздік қызметкерлері
- 4) Әйелдер
- 5) Генерал-Губернаторлар
- 6) Қаржы қызметкерлері

Осылайша революциядан кейінгі әйелдік қозғалыстарда бұрынғысынан да қарқынды түрде жүрді. Көптеген жасырын ұйымдар құрыла бастады:

«Әйелдер азаттық ұйымы» 1907 жылы негізі қаланды. Мақсаты ирандық әйелдерді өздерінің құқығымен таныстырып, сауатын ашу болды. Жиындар құпия түрде Тегераннан тыс, Фишарабад жерінде өткізіліп тұрды. Бірақ жиынға қатыстырлмай қалған бір ер адам Аббасабад базарындағы діни фанатиктерге осы ұйым туралы айтып береді. Олар жиынды болдырмау мақсатымен Фишарабадқа ағыла жүгіргенде, жиындағы мүшелерге сол кездегі армяндық студент Антуан хан Севругин (кейіннен белгілі фотосуретші) ұйымдастырылып жатқан шабуылды алдын ала ескертеді. Осы оқиғадан кейін ұйым өзін таратуға мәжбүр болды. Белгілі өкілдері: Мирза Баджи ханум, Седиге Полтабад, Ефтехар Аль-Солтане, Захдохт Ширази және Зехра Тадж-Солтане.

«Әйелдер құпия ұйымы» 1907 жылы негізі қаланған. Ең алғаш өздері туралы «Недайе Ватан» (Туған жер үні) басылымында меджлиске арнап, үлкен хат жолдауымен мәлімдеген болатын:

«Конституцияның белгіленгеніне 14 ай өтті. Осы уақыт аралығында біз үзбестен газет басылымдарын меджлистің әрекетін білкі мақсатымен оқыдық. Тек «Құдай қаласа, бәрі болады, бәрі ертеңнен басталады» дегеннен басқа түк естімедік. Бұл «ертең» біздерге қашан туады? Бұл ойынның ережелері былай болатын болса, неге босқа ат салыстық?» [5].

1922 жылы кадjarлық ханзада Мухаммад Али Мирза Эскандари отбасында дүниеге келген Мухтарам Эскандери, ирандық интеллектуал ұлтшылдар отбасынан шыққан Мастуре Афшар және Нур-Аль Худу Мангенхпен «Ирандық патриот әйелдер» ұйымының негізі қаланды. Бұл ұйым 1906 жылғы революциядан кейінгі пайда болған белсенді ұйымдардың біріне айналды. Бұл ұйым сауатсыз әйелдердің сауатын көтеру мақсатымен дәрістер жүргізген болатын. 1925-1932 жылдар аралығында ұйым президенті Мастуре Афшар болды. 1932 жылы лига Тегеранда «Шығыс әйелдері» конгрессін ұйымдастырды. Конгрессте Аустралиядан Занзибарға дейінгі 15 мемлекеттің әйел өкілдері қатысты. Конгрессте 22 бөлімнен тұратын отбасы құқығы реформасы, әйелдердің білім саласы, жұмыспен қамту жөніндегі тең құқығы, көп әйел алуға тыйым салу туралы резолюция қабылдады. Сонымен қатар 1922 жылдан бастап, маңызды «Патриот әйелдер» журналын шығарды.

Сонымен қатар «Туған жер әйелдері», «Әйелдер әл ауқаты», «Әйелдердің біріккен күші» сынды ассоциациялары [6] құрылды, аталған ұйымдардың барлығының мақсаты бір және айқын еді.

Газет басылымдары әйелдер қозғалысын үндеуде маңызды рөлге ие болды. 1900-жылдардың аяғында елдегі саяси жағдайда белсенді түрде жүре бастады. «Сюр-и Исафил», «Хабл-Аль Матин», «Канун», «Нида-ий- Ватан» [7] секілді прогрессивті басылымдарда ер және әйел жазушылардың конституциялық және гендерлік теңдікті талап ететін мақалалар жариялана бастады. «Данеш» журналы 1910 жылдан бастап өзін Кахал ханым деп атаған, Ирандағы алғашқы әйел баспашысымен шыққан болатын. Бұл журнал саяси сипатта болмады, әйелдерде болатын отбасылық, бала тәрбиелеу, денсаулық жөніндегі мәселелерді

көтерді. Кахал ханым өз журналының алғашқы басылымында «Барлық адамдар, ол әйел болсын, ер болсын ең алғашқы тәрбие, білімін анасынан алады. Егер аналар сауатсыз болса, балалар зардап шегеді» деп тұжырымдаған болатын. Кахал ханым Хамедандағы дәрігер Мухаммед Хаким Баши отбасында дүниеге келген. 1934 жылы Реза шах Ирандағы алғашқы заманауи медициналық мектептің негізін қалағанға дейін, дәрігер атану үшін белгілі дәрігердің оқушысы атану керек еді. Кахал ханым да өзінің әкесі, кейін дәрігер жұбайынан білім алып, алғашқы офтальмолог дәрігер әйел атанды. 8-беттік апталық журнал 30 апта ғана шықты. Жабылу себептерінің бірі, ол жылдары ирандық әйел қауымының 97% жуығы оқуға сауатсыз болған болатын [8], және де екінші жағынан баспа қымбат тұрғаннан бұл журнал көп ұзамай өз жұмысын тоқтатты.

Екінші әйел басып шығарған ирандық басылым, 1913 жылы Мариям Амид Семненимен қаланған «Шегуфе» (Гүлдену) журналы болды. Басында басылым әйелдер теңдігіне шақырса, кейірек одан да бетер саяси сипат алып «Әйелдердің біріккен күші» ұйымының жаршысына айналды. Ең бір есте қаларлық мақалаларының бірінде, меджлиске сайлануға тұрарлық 12 әйел-кандидаттар тізімін шығарып, ер адамдарды оларға дауыс беруге шақырды.

«Забан-е-занан» (Әйелдер үні) газетінің негізін қалаушысы белгілі XX ғасырдың интеллектуал-феминисты Седигех Даулатабади болды. Ол көптеген жылдар әйел құқығы үшін күресіп, діни реакцияшыл молдалар үшін анафема іспеттес болды. Тіпті 1979 жылғы ислам революциясынан кейін, 1981 жылы діни фанатиктер оның қабірін ойрандап кеткен болатын. Өзінің дүниеден өтерінің алдында Седигех өсиетхатында, хиджабпен бүркенген әйелдердің оның жерлеуіне келмеуін өтінген. Даулатабади конституциялық қозғалыстың мүшелері болған ағалары Яхья және Мухаммед-Алимен тең білім алған, алайда 15 жасында еріксіз тұрмысқа берілді. 1917 жылы Исфаханда алғаш қыз балаларға арналған «Мектаб е Шариат» мектебін және «Шеркатхаватин-е Исфахан» Исфахандағы әйелдерге арналған ұйымын құрды.

«Шегуфе» журналының жабылғанынан кейін 3 жылдан соң ашылған «Забан-е-занан» журналының мақсаты сауатсыздықпен күрес, әйелдер арасындағы саяси түсінігінің дамуына ат салысты. Журнал басылымы Исфахан үкіметіменен тоқтатылды, тек 1922 жылы Тегеранда қайтадан жанданды [9].

1925 жылы Реза Пехлеви ұйымдастырған әскери төңкерісінен кейін, Каджар династиясы биліктен кетті. Иран барлық әлеуметтік аспектілері бойынша жаңа эраға қадам басты. Тек 1931 жылдан бастап меджлис жаңа азаматтық кодексты бекітіп, әйелдердің белгілі жағдайларға байланысты ажырасуға талап қоюға мүмкіндігі пайда болды, үйленуге минималды жас әйелдерге 15, еркектерге 18 жастан бастап бекітілді.

Әлемнің түкпір-түкпірінде ер адам үстемдігін діни, биологиялық, мәдени тіпті дәстүрлер негізінде ақтайтын қоғамдық сана қалыптасқан. Гендерлі теңдікті жариялаумен ғасырлар бойы қалыптасқан идеология бір сәтте жойылмайтыны анық. Гендерлік теңдікке бағытталған қозғалыс патриархаттық сананың түбірлі өзгеруін талап етеді. Шынында бұл өте күрделі және ұзақ процесс. Соған қарамастан бұл күрес әлем бойынша қарқынды жүруде. Ирандағы 1906 жылғы конституциялық төңкерістен бастап, қазіргі Иран тарихы саяси процесстерге әйелдердің жаппай қатысқанына куә болды. Көптеген әйелдер конституцияшылдарды қолдай отырып, өздерінің азаматтық құқығын, білім алу мен сауатты болуды талап етті. Ізашар әйелдердің білім алуға, саналы теңдікке қол жеткізуге деген талпынысы ирандық әйелдердің XX ғасырдың басты жетістіктерінің бірі айналды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Asghar Fathi. *Women and the Family in Iran*, BRILL:1985. 84 p.
2. Иоаннесян, Ю. А. *Очерки Веры Баби и Бахаи (неопр.)*. — Санкт-Петербург, Россия: Институт Восточных Рукописей РАН (Санкт-Петербург), 2003.

3. Pete Hautman, Michael L. Penn, Rahel Nardos, William S. Hatcher, Mary K. RadpourRowman & Littlefield. *Overcoming Violence Against Women and Girls: The International Campaign to Eradicate a Worldwide Problem*, 2003.
4. Parvin Ardalan and Noushin Ahmadi Khorasani. "Senator: the Work of Senator Mehrangiz Manouchehrian in the Struggle for Legal Rights for Women", Tehran, 2003.
5. Parvin Paidar. *Women and the Political Process in Twentieth-Century Iran*, 550 p.
6. [www.cultureofiran.com](http://www.cultureofiran.com). *Women's Movements in Iran, 1850 – 21st Century*
7. *A Brief History*, 2009
8. Roja Fazaeli. *Islamic Feminisms: Rights and Interpretations Across Generations in Iran*, Routledge, Nov 10, 2016
9. Sanasarian, Eliz (1982). *The Women's Rights Movements in Iran*. New York: Praeger.

ӘОЖ 395

## САРАЙ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ «ТА'АРОФ»

**Курбанбаева Алтыnguль Мейрмановна**

[altin-ai78@mail.ru](mailto:altin-ai78@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,  
Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Тулеубаева С.

Иран – көне мәдениет пен өркениет бесігі. Иранның мәдениеті мен өнері бірнеше мың жылдық даму жолынан өтті. VI-VII ғасырларда арабтар жаулап алғанға дейін де Иран бай мәдениетке ие ел болған. Сарай мәдениеті туралы айтар болсақ, Иранда сарай мәдениетінің ортағасырлардан бастап емес, ежелден болғанын тарихи ескерткіштерден көруге болады.

Ахеменидтер әулетінің билеушілері басқарған ежелгі Парсы мемлекеті ежелгі Шығыс тарихында үлкен рөл атқарды. Ахеменидтер империясының құдыреті б.з.д. V ғасырда шарықтай түсті. Оның құрамына Мидия, Армения, Ассирия, Вавилония мен Сириядан басқа, Кіші Азия, Мысыр және Орта Азияның бөліктері құрамына кіріп, шекаралары Үндістан шекараларына дейін созылды. Ахеменидтік мәдениеттің жасалуына бактриялықтар, хорезмдіктер, соғдылар мен сақтар сияқты Орта Азия халықтары да үлкен рөл атқарды. Мүсіндермен, тақтайшалар мен жалтыраған бөлшектерден жасалған түрлі-түсті әшекейлермен әдемі безендірілген жарқыраған сарай сәулеті империяның күші мен ұлылығын дәріптеді. Әлемдік мұраға қосылған «Пасаргад» кешені Ахеменидтер заманынан қалған ежелгі ескерткіштердің бірі болып табылады. Ал, бүгінде «Тахт-е Жәмшид» деп аталатын Персеполис – ежелгі Иранның ұлы туындыларының бірі. Бұл ескерткіш б.з.д. V ғасырда осы аймақта өмір сүрген халық өнерінің салтанатын еске салады. Американдық тарихшы Вилл Дурант өзінің «Шығыс жерлері – өркениеттің бесігі» атты кітабында: «Ежелгі заманның ең салтанатты ескерткіші Персеполистің тас баспалдақтары мен бағандары болып табылады. Әлемнің сәулет тарихында бұған ұқсас ескерткіш жоқ», – деп жазды [1].

Иранның сәулет өнерінен сарай мәдениетінің ежелгі заманнан бері болғандығын көреміз. Ал ислам дінінің таралуымен, екі ғасыр үнсіздіктен кейін сарай мәдениеті мен парсы әдебиеті дамыды. Әсіресе, Саманилер әулеті жүз жылдан аса билік құрған жылдары мәдениет пен руханият жаңа сатыға көтерілді. Саманилер өз қуаты мен ықпалын арттыру құралы ретінде халық жоғары бағалаған поэзияның ролін түсінді және көркем сөздің тек сарайлық ортада ғана емес, халық арасында да құрметтелуіне жол ашты. Сарай ақындары патшаны мадақтаған бір өлең шығарған сәтте-ақ, өлең ауыздан-ауызға көшіп, халық арасында кең тарайтын. Осылайша, сарай мәдениеті ирандық «та'ароф» феноменінің қалыптасуына өз ықпалын тигізді [2, б. 42].